

## Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысы.

2021 жылғы 2 қантардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі 386-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 28 қаулысы;

2) "Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 28 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 маусымдағы № 377 қаулысы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 25 қазандағы  
№ 763 қаулысымен  
бекітілген

## Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2021 жылғы 2 қантардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 386-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау жөніндегі талаптарды көздейді және оларды іске асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) импорттаушылар – Қазақстан Республикасының аумағына өнімді әкелуді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

2) кәдеге жарату төлемі – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін операторға өндірушілер (импорттаушылар) жүзеге асыратын төлемақы;

3) кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәланырылған, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау мақсатында кәдеге жарату төлемінің енгізілгенін растайтын құжат;

4) қаптама – шикізатты және дайын өнімді орналастыру, қорғау, тасымалдау, тиу және түсіру, жеткізу және сақтау үшін пайдаланылатын бұйым;

5) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері –қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына экелуді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелері;

6) өнім (тауарлар) (бұдан әрі – өнім) – тізбеге қосылған өнім;

7) өндірушілер – Қазақстан Республикасының аумағында өнімді өндіруді жүзеге асыратын жеке занды тұлғалар;

8) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – оператор) – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен айқындалатын занды тұлға;

9) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт (бұдан әрі – шарт) – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды

жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шарт негізінде оператор мен өндірушілердің (импорттаушылардың) арасында жасалатын шарт;

10) тізбе – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдер (тауарлар) тізбесі;

11) шикізат пен материалдар – технологиялық процесс арқылы дайын өнім алу үшін пайдаланылатын кез келген пайдалы қазба, жинақтауыш, бөлшек немесе өзге де тауар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері бойынша талаптар Кодектің 386-бабының 6-тармағында көрсетілген өндірушілерге (импорттаушыларға) қолданылмайды.

4. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері:

өндірушілерде – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, кәсіпорынның есеп саясатына сәйкес дайын өнімнің түскені (кіріске алынғаны) ресімделген кезден;

импорттаушыларда – осы Қағидалардың 15, 16, 17 және 28-тармақтарында көрсетілген растайтын құжаттарға сәйкес өнім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілген кезден бастап туындаиды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.11.2023 № 966 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Өндірушілер (импорттаушылар) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзіletін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды мынадай тәсілдердің бірімен қамтамасыз етеді:

1) қойылатын талаптарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындастын қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесін (бұдан әрі – меншікті жүйе) қолдану.

Меншікті жинау жүйесін қолдану жөніндегі талаптар Кодектің 386-бабының 3-тармағына сәйкес автомобиль көлігі құралдарын, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге және импорттаушыларға қолданылмайды.

2) оператормен шарт жасасу, осы Қағидаларға сәйкес өтінім беру және оператордың банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде ақша енгізу.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 02.11.2023 № 966 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Кәдеге жарату төлемін оператормен шарт жасасқан өндірушілер (импорттаушылар) енгізеді.

7. Кәдеге жарату төлемінің мөлшері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесінің (бұдан әрі – әдістеме) негізінде осы Қағидаларға сәйкес өтінім берілген кезде қолданыста болатын мөлшерлемелер мен коэффициенттер бойынша есептеледі. Кәдеге жарату төлемін өндірушілер мен иморттаушылар оператордың банктік шотына Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төлейді. Банктік шот туралы ақпарат оператордың интернет-ресурсында орналастырылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Кәдеге жарату төлемі 2016 жылғы 27 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, соның ішінде ішкі тұтыну үшін кедендейші шығару рәсіміне қойылған өнімге қатысты төленбейді.

9. Өндірушілердің (иморттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері тізбеде атауы көрсетілген өнімге қолданылады.

10. Өндірушілердің (иморттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері:

1) оператормен шарт жасасқан өндірушілер (иморттаушылар) үшін – кәдеге жарату төлемі толық көлемде енгізілген кезден бастап;

2) меншікті жүйені қолданатын өндірушілер (иморттаушылар) үшін – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган меншікті жүйенің болуын және өнімнің тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың орындалуын растиған күннен бастап орындалды деп есептеледі.

**2-тарау. Өнімнің тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды үйімдастыру жөніндегі міндеттемелерді орындау тәртібі**

11. Өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды және жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндірді, қайта өндірді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру мақсатында ұлгілік шарттың негізінде оператор мен өндірушілер (импорттаушылар) арасында шарт жасалады.

12. Өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзелетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндірді, қайта өндірді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы ұлгілік шарттың нысанын оператор әзірлейді және бекітеді.

Шарт оған оператор өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы қол қойған жағдайда, өндіруші (импорттаушы) өнімді әкелген немесе өндірген кезден бастап жасалды деп есептеледі.

13. Шарт оны ұзарту мүмкіндігімен жасалады. Шартта Кодекске сәйкес өндіруші (импорттаушы) мен оператордың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

14. Шарт жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағына өнім әкелуді жүзеге асыратын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыруы мынадай міндетті кезеңдерді қамтиды:

1) кәдеге жарату төлемін енгізуге және кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификатты алуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) оператордың интернет-ресурсы арқылы немесе қағаз жеткізгіште беріледі.

Өндіруші (импорттаушы) осы Қағидаларға сәйкес өтінімге қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалығына кепілдік береді.

Тізбеде көзделген, кәдеге жарату төлемінің мөлшерін есептеу үшін мөлшерлемелер және (немесе) коэффициенттер белгіленбеген не коэффициент 0 деп айқындалған өнімге қатысты өтінім берілмейді, оған мыналар кірмейді:

электр қозғалтқышы бар көлік құралдары;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1) тармақшаның 5 абзацы 01.01.2025 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

көлік компаниялары импорттайтын, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын ершікті тартқыштар.

2) оператор өтінімді қоса берілген құжаттармен қарайды және өтінім беруші ұсынған деректердің негізінде әдістемеге сәйкес кәдеге жарату төлемінің мөлшерін есептейді және өндіруші (импорттаушы) өтінім берген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде кәдеге жарату төлемін енгізуге арналған шот-фактураны электрондық түрде және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынады.

Өндірушілер (импорттаушылар) өтінімге құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, осы өтінім кері қайтарылуға тиіс;

3) өндірушілердің (импорттаушылардың) осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде кәдеге жарату төлемін енгізуі;

4) кәдеге жарату төлемі есептік шотқа енгізілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде оператор кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификатты ұсынады.

Кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификатты оператор өндіруші (импорттаушы) сот шешімінде, нотариустың атқарушылық жазбасында немесе оператордың хабарламасында көрсетілген мөлшерде кәдеге жарату төлемі түріндегі ақшаны оператордың банктік шотына енгізгеннен кейін сот шешімі, нотариустың төлемақыны оператордың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық жазбасы немесе оператордың кәдеге жарату төлемін енгізу қажеттігі туралы хабарламасы негізінде беруі мүмкін.

Осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес кәдеге жарату төлемін енгізуі үшінші тұлға жүргізуі мүмкін.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Өнімді импорттаушылар автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын, автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығару кезінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарды, пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдарды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптамаларды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларда, аралас материалдардан жасалған қаптамаларда импортталатын өнімді импорттаушыларды қоспағанда, өтінімге мынадай:

1) қаптама парағының не өнім паспортының (бар болса);

2) халықаралық тасымалды растайтын халықаралық тауар-көлік жүккүжатын қоса алғанда, көлік жүккүжаттарының, Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламенттерінде көзделген, сондай-ақ тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына орын ауыстыруын растайтын құжаттардың;

3) шот-фактураның не инвойстының (бар болса) көшірмелерін қоса береді.

16. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын, автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығару кезінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарды, пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдарды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптамаларды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларда, аралас материалдардан жасалған қаптамаларда импортталатын өнімді қоспағанда, Қазақстан Республикасының

аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген өнім үшін осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумактық бөлімшелері беретін мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон (бұдан әрі – мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон) (бар болса) кәдеге жарату төлемін есептеу үшін қажетті және әкелуді растайтын қосымша құжат болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген импорттаушылар көрсететін өтінімдегі мәліметтер олардың салықтық есептілігінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес болуға тиіс.

17. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын, автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығару кезінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарды, пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдарды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптамаларды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларда, аралас материалдардан жасалған қаптамаларда импортталатын өнімді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінген өнім үшін осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден заннамасына және кеден ісі саласындағы ұлттық заннамаға сәйкес ресімделген, өзіне сәйкес өнім ішкі тұтыну үшін кедендік шығару ресіміне қойылған кедендік декларация кәдеге жарату төлемін есептеу үшін қажетті және әкелуді растайтын қосымша құжат болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген иморттаушылар көрсететін өтінімдегі мәліметтер өзіне сәйкес өнім ішкі тұтыну үшін кедендік шығару ресіміне қойылған тіркелген кедендік декларацияда көзделген мәліметтерге сәйкес болуға тиіс.

18. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушыларды қоспағанда, өнімді өндірушілер өтінімге Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заннамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша қорларды шетке беруге арналған жүккүжатты, Қазақстан Республикасының салық заннамасына сәйкес жазып берілген электрондық шот-фактураны, сондай-ақ өнім паспортын (бар болса) қоса береді.

**19. Алып тасталды - КР Үкіметінің 02.11.2023 № 966 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушыларды (иморттаушыларды) қоспағанда, өндірушілер (иморттаушылар) жасалған шарт негізінде есепті айдан кейінгі екінші айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей кәдеге жарату төлемін енгізеді.

Өнімді өндірушілер үшін өнім өткізілген ай, өнімді импорттаушылар үшін Қазақстан Республикасының аумағына өнім әкелінген ай есепті ай болып табылады.

21. Өндірушілердің, импорттаушылардың кәдеге жарату төлемін дұрыс есептеуін, толық және уақтылы аударуын бақылауды оператор жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген функцияларды іске асыру мақсатында Оператор мемлекеттік органдардың немесе реттеуші функцияларды жүзеге асыратын үйымдардың ресми көздерінен алынған ақпаратты пайдалануға құқылы.

22. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушыларды (импорттаушыларды), автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығару кезінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарды өндірушілерді (импорттаушыларды) қоспағанда, оператормен шарт жасасқан өндірушілердің (импорттаушылардың) өтінім қалыптастыруы мынадай мерзімде жүзеге асырылады:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілері – ай сайын, есепті айдан кейінгі келесі айдың 20-күнінен кешіктірмей;

2) ірі кәсіпкерлік субъектілері – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

3) ірі кәсіпкерлік субъектілері және өзге де өндірушілер (импорттаушылар) – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей.

### **3-тарау. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушылардың (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындауының ерекшеліктері**

23. Автокөлік құралдарына қатысты кәдеге жарату төлемін жасап шығарушылар (импорттаушылар) Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасына сәйкес автокөлік құралы бастапқы тіркелгенге дейін енгізеді. Жасап шығарушылар (импорттаушылар) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына қатысты кәдеге жарату төлемін олар алғашқы мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ агроөнеркәсіптік кешенді және Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған немесе әкелінген күнінен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей енгізеді.

Жасап шығарушылар (импорттаушылар) автокөлік құралдарын олар бастапқы тіркелгенге дейін өткізген жағдайда, кәдеге жарату төлемі мұндай автокөлік құралдары өткізілгенге дейін енгізіледі.

Жасап шығарушылар (импорттаушылар) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын осы тармаққа сәйкес олар тіркелгенге дейін өткізген жағдайда, кәдеге жарату төлемі осындай өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы өткізілгенге

дайін, бірақ ол шығарылған немесе әкелінген күнінен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізіледі.

24. Жасап шығарушылардың (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындағанын растайтын құжат оператор сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, автокөлік құралдарын не сәйкестендіру нөмірін немесе зауыттық нөмірін көрсете отырып, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушыларға (импорттаушыларға) кәдеге жарату төлемі есептік шотқа енгізілгеннен кейін беретін кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат болып табылады.

25. Автокөлік құралдарын бастапқы (мемлекеттік) тіркеуді жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес автокөлік құралдарын не өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын бастапқы тіркеу кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Автокөлік құралдарын не өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын бастапқы тіркеу үшін ұсынылатын құжаттарда осы автокөлік құралдарының, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының маркасы, моделі, санаты, VIN-коды және (немесе) сәйкестендіру зауыттық нөмірі туралы мәліметтер, сондай-ақ техникалық сипаттамалары (қозғалтқыш көлемі, техникалық рұқсат етілетін ең жоғары массасы) кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатта көрсетілген мәліметтерден ерекшеленетін болса, тіркеуші органдар жасап шығарушылар (импорттаушылар) кеңейтілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін осындай автокөлік құралдарын немесе өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын тіркеуден бас тартады.

26. Кәдеге жарату төлемі енгізілген күннен бастап автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушылардың (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері орындалды деп есептеледі, ал көлік құралдарының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзіletін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өндеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер операторға ауысады.

27. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жарату төлемін жүзеге асырмай, мемлекеттік тіркеу есебіне алу үшін олардың өндірілген немесе әкелінген күнін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында өндірілгендер үшін – төменде тізбеленген құжаттардың кез келгені:

еркін қоймадан шығару кезіндегі кедендей декларация;

өнімнің өндірілгенін растайтын көлік құралының (өздігінен жүretіn машинаның) паспорты;

2) Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден әкелінгендер үшін – өзіне сәйкес автокөлік құралдары мен өздігінен жүretіn ауыл шаруашылығы техникасы ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне қойылған тауарларға кедендік декларация;

3) Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгендер үшін – мынадай құжаттардың бірін қоса беріле отырып, мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон (не мемлекеттік бақылаудан өту туралы талонның көшірмесі):

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдің экспорттаушысынан Қазақстан Республикасындағы импорттаушыға берілгенін растайтын, берілетін автокөлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі не өздігінен жүretіn ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетілген қабылдан алу-беру актісі;

әкелінетін автомобильдердің сәйкестендіру нөмірі не өздігінен жүretіn ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетілген қолік жүккүжаты;

халықаралық тасымалды растайтын, әкелінетін автокөлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі не өздігінен жүretіn ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетілген CMR халықаралық қолік жүккүжаты

28. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүretіn ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушылар (импорттаушылар) кейіннен кәдеге жарату төлемін енгізу үшін өтінімге мынадай құжаттардың:

1) Қазақстан Республикасында өндірілгендер үшін:

өнімнің өндірілуін растайтын көлік құралының (өздігінен жүretіn машинаның) паспортының (бар болса) және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша шетке қорларды беруге арналған жүккүжаттың;

2) Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден әкелінгендер үшін:

өзіне сәйкес өнім ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне қойылған кедендік декларацияның;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күнін растау үшін мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талонның (не мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талонның көшірмесі);

көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы күеліктің немесе автокөлік құралдары үшін көлік құралының типін макұлдаудың және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін сәйкестік сертификатының көшірмелерін қоса береді.

Кәдеге жарату төлемін есептеу үшін қажетті деректердің айқындау мүмкін болмаған жағдайда, оператор мыналарды сұратады:

көлік жүккүжаты (әкелінетін автомобильдердің сәйкестендіру нөміріне өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетіле отырып) немесе халықаралық тасымалды растайтын CMR халықаралық көлік жүккүжаты (әкелінетін автокөлік құралдарының сәйкестендіру нөміріне өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетіле отырып);

шот-фактура немесе инвойс (бар болса);

3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына әкелінгендер үшін – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күнін растау үшін мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талон (не мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талонның көшірмесі). Мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талон болмаған жағдайда, өтінім берілген күн кесіп өту күні болып есептеледі.

Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына әкелінгендер үшін мынадай құжаттар қоса беріледі:

көлік құралының (өздігінен жүретін машинаның) паспорты немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің көлік құралын тіркеу туралы күелік;

көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы күелік немесе автокөлік құралдарына арналған көлік құралының типін макұлдау және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына арналған сәйкестік сертификаты;

берілетін автокөлік құралдарының сәйкестендіру нөміріне өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірін көрсете отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдің экспорттаушысынан Қазақстан Республикасындағы импорттаушыға берілуін растайтын қабылдау-тапсыру актісі (бар болса);

көлік жүккүжаты (әкелінетін автомобильдердің сәйкестендіру нөміріне өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетіле отырып) немесе халықаралық тасымалдауды растайтын CMR халықаралық көлік жүккүжаты (әкелінетін автокөлік құралдарының сәйкестендіру нөміріне өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сәйкестендіру немесе зауыттық нөмірі көрсетіле отырып) (бар болса).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**28-1-тармақ 01.01.2025 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502**

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-1. Халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылатын ершікті тартқыштардың импорттаушылары осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа әкелінетін ершікті тартқыштардың міндетті түрде халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылатыны туралы мәлімдеме ұсынып, кейіннен кәдеге жарату төлемін енгізу туралы қуәлікті алғаннан кейін 3 ай ішінде Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасына сәйкес қажетті растайтын құжаттарды алады.

**Ескерту. Қағида 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Еркін кеден аймағының немесе еркін қойманың кедендік рәсіміне қойылған және еркін экономикалық аймақтың (бұдан әрі – АЭА) резиденттері (қатысуышылары, субъектілері) АЭА аумағында автокөлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығару үшін шикізат және материалдар ретінде пайдаланылатын (пайдаланатын) өнім үшін кәдеге жарату төлемін АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру (жүргізу) туралы келісімге (шартқа) сәйкес немесе Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін қоймалар иелері тізіліміне енгізілген еркін қойма иелері автокөлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушы соңғы тауар үшін кәдеге жарату төлемі түрінде төлейді.

**4-тaraу. Пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдарды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптамаларды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамада, аралас материалдардан жасалған қаптамада импортталатын өнімді өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындаудың ерекшеліктері**

30. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінген пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдарды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптамаларды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамада, аралас материалдардан жасалған қаптамада импортталатын өнімді импорттаушылар өтінімге өзіне сәйкес өнім ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне қойылған кедендік декларацияны қоса береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес импорттаушылар өтінімде көрсететін мәліметтер тіркелген кедендік декларацияда көзделген мәліметтерге сәйкес болуға тиіс.

31. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдарды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл

қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптамаларды, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамада, аралас материалдардан жасалған қаптамада импортталатын өнімді импорттаушылар өтінімге:

- 1) қаптама парақтарын не өнімнің паспортын (бар болса);
- 2) халықаралық тасымалды растайтын халықаралық тауар-көлік жүккүжаттарын қоса алғанда, көлік жүккүжаттарын қоса береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес импорттаушылар өтінімде көрсететін мәліметтер олардың салықтық есептілігінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес болуға туіс.

32. Пластмассадан, қағаздан және картоннан жасалған бұйымдар, полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамалар, аралас материалдардан жасалған қаптамалар үшін кәдеге жарату төлемінің сомасы әдістеме негізінде есептеледі.

Полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамалардағы, аралас материалдардан жасалған қаптамадағы өнімді әкелуді жүзеге асыру кезінде импорттаушы кәдеге жарату төлемін есептеу үшін базаны осы өнім қапталған қаптаманың массасын (килограммды) айқындау түрінде өз бетінше таңдайды.

Полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамалардағы, аралас материалдардан жасалған қаптамадағы өнімді әкелу кезінде осы өнім қапталған қаптаманың массасын айқындауды импорттаушы осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырады.

Кәдеге жарату сомасын есептеу үшін таңдалған базаға қарай осы тармаққа сәйкес осы Қағидалардың 30 және 31-тармақтарында көрсетілген құжаттардан басқа өтінімге мынадай растайтын құжаттардың бірі қоса беріледі:

1) қаптамада импортталатын өнімнің брутто массасы мен нетто массасының арасындағы математикалық айырмашылықты есептеу негізінде қаптама массасы айқындалған жағдайда – қаптама парагы;

2) қаптамада имортталатын өнімді өндірушілер көрсететін қаптама саны мен типтері туралы мәліметтер негізінде қаптаманың массасы айқындалған жағдайда – шарт (келісімшарт), жеткізуге (импортқа, сатып алуға) арналған тауарға ілеспе құжаттар, қаптамада имортталатын өнімді өндірушілерден өзге де ресми құжаттар;

3) әдістемеге сәйкес анықтамалыққа сай есептеудің негізінде қаптама массасы айқындалған жағдайда – әдістемеге сәйкес бекітілген нысан бойынша тізбеде көзделген өнім және (немесе) өнім қаптамасы бірліктері массасының орташа алынған көрсеткіштерінің анықтамалығын (бұдан әрі – анықтама) қолдану туралы ақпарат;

4) қаптамада имортталатын өнім қаптамасының массасы туралы мамандандырылған (аккредиттелген) ұйымның қорытындысы негізінде.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген мамандандырылған (аккредиттелген) ұйымдар Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне сәйкес айқындалады

33. Бір мезгілде қаптамалардың бірнеше типіне (бір немесе түрлі материалдардан) қапталған қаптамадағы өнім әкелінген жағдайда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қаптаманың әрбір типіне қолданылады.

34. Қағаз, картон, полимер, шыны, металл қаптамаларға және (немесе) аралас материалдардан жасалған қаптамаға қапталған, тізбеге енгізілген өнім әкелінген жағдайда, өндірушілердің, (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері тізбеге сәйкес өнімге де және тізбеде көзделген оның (олардың) қаптамасына да қолданылады.

35. Өндіруші өнімді тізбеге енгізілген қаптамада өндіру үшін полимер, шыны, қағаз, картон, металл қаптамаларды, аралас материалдардан жасалған қаптаманы пайдаланған жағдайда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін осы қаптаманы өндірушілер (импорттаушылар) орындайды.

#### **5-тaraу. Өндірушілерді (импорттаушыларды) кеңейтілген міндеттемелерден босату талаптары**

36. Өндірушілер (импорттаушылар) Кодекстің 386-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда кеңейтілген міндеттемелерден босатылады.

Бұл ретте автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушыларды (импорттаушыларды) қоспағанда, Кодекстің 386-бабы 6-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар өнім Қазақстан Республикасының шегінен тыс өткізілген есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей, операторға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:

өнімді жеткізуге экспорттық келісімшарт не өнімді Қазақстан Республикасының шегінен тыс өткізу шарты;

өнімді Қазақстан Республикасының шегінен тыс өткізу жүзеге асырылғанын нақты растайтын тауарға ілеспе құжаттар.

37. Өндіруші (импорттаушы) енгізген кәдеге жарату төлемі болған және Кодекстің 386-бабы 6-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес кейіннен өнімді өндіруші (импорттаушы) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс өзі әкеткен жағдайда, өндірушілердің (импорттаушылардың) артық төленген соманы оператор айқындастын тәртіппен қайтаруға және (немесе) алдағы төлемдер есебіне жатқызуға құқығы қалады.

Кәдеге жарату төлемі енгізілген өнім үшін өндірушіге (импорттаушыға) артық төленген сомаларды қайтару және (немесе) алдағы төлемдер есебіне жатқызу осы өнімді тікелей өндіруші (импорттаушы) Қазақстан Республикасының шегінен тыс өткізген жағдайда жүргізіледі.

38. Өнімді Қазақстан Республикасының шегінен тыс әкету (экспорттау) осы Қағидалардың 20, 22 және 23-тармақтарында белгіленген мерзімдер өткенге дейін жүзеге асырылған жағдайда, кәдеге жарату төлемін енгізу Қағидалардың осы тармақтарында көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

## **6-тарау. Оператордың функцияларын іске асыру тәртібі**

39. Оператор Қазақстан Республикасында қалдықтарды басқару инфрақұрылымын дамыту және қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыру мақсатында Кодекстің талаптарына сәйкес өндірушілерден және импорттаушылардан оның банктік шотына түскен ақшаны Кодекстің 388-бабында көзделген бағыттарға сәйкес кәдеге жарату төлемі түрінде жібереді.

40. Кодекстің 388-бабының 5) тармақшасын іске асыру кезінде оператор меншікті жинау жүйесін қолдану шенберінде мәлімделген көлемдер шегінде өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыру үшін жеке және занды тұлғаларға ақша жібермейді.

## **7-тарау. Оператордың уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

41. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдары оператордың сұрау салуы бойынша күнтізбелік 30 күн ішінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс әкетілген өнім және оның қаптамасы туралы мәліметтерді, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жолдайды.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41-1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган оператордың сұрау салуы бойынша күнтізбелік 30 күн ішінде бастапқы (мемлекеттік) тіркеуден өткен автокөлік құралдары туралы мәліметтерді, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жібереді.

**Ескерту. Қағида 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары оператордың сұрау салуы бойынша күнтізбелік 30 күн ішінде бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жібереді.

**Ескерту. Қағида 41-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**41-3-тармақ 01.01.2025 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41-3. Автомобиль қөлігі саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайынғы негізде, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірілмейтін мерзімде операторға жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға берілген рұқсат куәліктері және алушылар мен ершікті тартқыштар туралы мәліметтер көрсетілген ершікті тартқыштарға тиісті рұқсат карточкалары туралы ақпаратты, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынады.

**Ескерту. Қағида 41-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

42. Мемлекеттік кірістер органдары операторға жолдайтын мәліметтерде әр өнім бөлінісінде мынадай ақпарат қамтылады:

1) өндірушінің немесе импорттаушының атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) іс жүзіндегі және (немесе) заңды мекенжайы, байланыс деректері (телефоны, электрондық пошта мекенжайы);

3) өнімнің атауы, саны және коды;

4) өнімнің Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және оның шегінен тыс әкетілген немесе өнімнің өндірілген күні;

5) өнім қаптамасының атауы, саны және коды;

6) өнім бірлігінің нетто және брутто салмағы, сондай-ақ өнім санын ескергендеңі жалпы нетто және брутто салмағы;

7) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өнім сатып алынған шот-фактуралардың (инвойстардың) деректері (өнімнің нөмірі, күні және құны);

8) өнім Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген ел.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

42-1. Жол жүргісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган операторға жіберетін мәліметтерде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын көлік құралының әр бірлігі бөлінісінде мынадай ақпарат қамтылады:

1) бастапқы тіркеуді жүзеге асырған тұлғаның атауы/Т.А.Ә., бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) нақты және (немесе) заңды мекенжайы, байланыс деректері (телефон, электрондық пошта мекенжайы);

- 3) VIN коды, шасси және шанақ нөмірі;
- 4) бастапқы тіркелген күні;
- 5) мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгісі;
- 6) маркасы, моделі;
- 7) шығарылған жылы;
- 8) көлік құралының санаты;
- 9) қозғалтқыштың жұмыс көлемі;
- 10) техникалық рұқсат етілген ең жоғары масса.

Ескерту. Қағида 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары операторға жіберетін мәліметтерде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының әр бірлігі бөлінісінде мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) бастапқы тіркеуді жүзеге асырган тұлғаның атауы/Т.А.Ә., бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 2) нақты және (немесе) занды мекенжайы, байланыс деректері (телефон, электрондық пошта мекенжайы);
- 3) машинаның зауыттық нөмірі;
- 4) бастапқы тіркеу күні;
- 5) нөмірлік белгі;
- 6) машинаның атауы және маркасы;
- 7) жасалған айы мен жылы;
- 8) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрі;
- 9) қозғалтқыштың номиналды қуаты;
- 10) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының техникалық паспортының нөмірі мен күні.

Ескерту. Қағида 42-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

42-3-тармақ 01.01.2025 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42-3. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган операторға жіберетін мәліметтерде автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган берген жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсат карточкасы бар өндірушілердің (

импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын көлік құралының әр бірлігі бөлінісінде мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) жүктөрдің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат куәлігі иесінің атауы/Т.А.Ә., бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 2) нақты және (немесе) заңды мекенжайы, байланыс деректері (телефон, электрондық пошта мекенжайы);
- 3) мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгісі;
- 4) жүктөрдің халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсат карточкасының берілген күні;
- 5) жүк автомобилінің маркасы.

**Ескерту. Қағида 42-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

43. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындаған не толық көлемде орындаған өндірушілерге және (немесе) импорттаушыларға осы Қағидалардың 41, 41-1, 41-2, 41-3-тармақтарына сәйкес алынған, ұсынылған мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша оператор кәдеге жарату төлемін енгізу қажеттігі туралы оның сомасы көрсетілген хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жібереді.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындаған немесе толық көлемде орындаған өндірушілер және (немесе) импорттаушылар операторға енгізуге тиіс кәдеге жарату төлемінің сомасын есептеу осы Қағидалардың 20 немесе 23-тармақтарында көзделген мерзімдер аяқталатын кезде қолданыста болған мөлшерлемелер мен коэффициенттер бойынша жүргізіледі.

Оператор хабарламаны өндірушіге (импорттаушыға) осы Қағидалардың 42, 42-1, 42-2, 42-3-тармақтарында көзделген мәліметтерде көрсетілген мекенжайлар бойынша жіберген кезден бастап хабарлама жеткізілді деп есептеледі.

Осы Қағидалардың 42-тармағында көзделген мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерінде әдістемеге сәйкес кәдеге жарату төлемін есептеу үшін қажетті өнім және (немесе) өнім орамасының салмағы туралы ақпарат болмаған жағдайда оператор анықтамалықты пайдаланады.

Өндіруші және (немесе) иморттаушы кәдеге жарату төлемін оператордың хабарламасы негізінде өтінім берместен енгізеді.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

44. Өндірушіде немесе иморттаушыда оператордың хабарламасында көрсетілген кәдеге жарату төлемінің сомасынан өзгешеленетін, кәдеге жарату төлемінің сомасын растайтын мәліметтер болған жағдайда өндіруші немесе иморттаушы осында

мәліметтерді осы Қағидалардың 15, 16, 17, 28 және 28-1-тармақтарында көрсетілген растайтын құжаттармен қоса оператордың атына ұсынады. Кәдеге жарату төлемінің сомасын растайтын мәліметтерді алған кезде оператор кәдеге жарату төлемінің сомасын қайта есептеуді жүзеге асырады. Өндіруші немесе импорттаушы ұсынған мәліметтер расталған жағдайда оператор өндірушінің (импорттаушының) атына кәдеге жарату төлемінің түзетілген сомасымен қайтадан хабарлама жібереді.

Өндіруші (импорттаушы) өнімнің экспортты және/немесе реимпорты туралы ақпаратты ұсынған жағдайда оператор Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының атына, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы осындай ақпаратты растау туралы сұрау салу жібереді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдары өндіруші (импорттаушы) ұсынған өнімнің экспортты және/немесе реимпорты туралы ақпаратты растау және/немесе теріске шығару туралы мәліметтерді оператордың атына сұрау салуды алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, оның ішінде ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жібереді.

Өнімнің экспортты және/немесе өнімнің реимпорты расталған жағдайда (бұрын кәдеге жарату төлемі енгізілген) оператор мұндай өнімге кәдеге жарату төлемін есептеуді жүзеге асырмайды.

**Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.07.2022 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.11.2023 № 966 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

45. Іс жүргізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілері бар әрекеттер анықталған кезде оператор мұндай құқық бұзушылықтар бойынша бар материалдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді.

46. Оператор жыл сайын, есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 мамырына дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің, импорттаушылардың кеңейтілген міндеттемелерінің іске асырылу барысы туралы есеп ұсынады.

47. Оператор қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынатын есепте мыналар қамтылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағына ішкі тұтыну үшін шығарылған өнім және оның (олардың) қаптамасы туралы деректер;

2) кәдеге жаратуға жататын қалдықтардың көлемі туралы мәліметтер (қалдықтар құрамындағы әрбір құрамдас бөлінісінде) және іс жүзінде орындалған көлем көрсеткіші;

### 3) мыналарды:

жиналуы, тасымалдануы, қайта пайдалануға дайындалуы, сұрыпталуы, өнделуі, қайта өнделуі, залалсыздандырылуы және кәдеге жаратылуы есепті жылы үйымдастырылған өнім қалдықтарының саны, сондай-ақ өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері енгізілген кезден бастап қызмет кезеңдері ішіндегі қарқыны туралы мәліметтерді;

орналасқан жерін, жиналған, қайта өнделген, залалсыздандырылған және кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, қалдықтардан алынатын өнімнің түрлері мен көлемі қоса алғанда, оператор, өнім қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды үйымдастыру бөлігінде өзара іс-қимылды жүзеге асырған кәсіпорындар туралы мәліметтерді қоса алғанда, өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды үйымдастыру бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер;

4) Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығаруды ынталандыру жөнінде жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер;

5) қалдықтарды жинау мен қайталама шикізат ретінде пайдаланудың жаңа технологияларын ендіру, тұрмыстық қатты қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану жөніндегі зауыттар (өндірістер) құрылышы туралы мәліметтер;

6) өнімнің тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын үйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру туралы мәліметтер;

7) электр қуаттау стансалары желілерін құру және дамыту туралы мәліметтер.

48. Автокөлік құралдарын және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығарушыларды қоспағанда, өндіруші есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 наурызынан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өткен күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылған өнімнің, оның ішінде мұндай өнім қаптамасының саны туралы ақпаратты ұсынады.

49. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген ақпаратты операторға есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК